

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық паспорттардың иелерін визалардан босату туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы N 1060 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық паспорттардың иелерін визалардан босату туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық паспорттардың иелерін визалардан босату туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық паспорттардың иелерін визалардан босату туралы келісім (2007 жылғы 21 мамырда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы Өзара қатынастар негіздері және ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 14 ақпандағы келісімді негізге ала отырып,

екі мемлекет арасында дипломатиялық паспорттар иелерінің өзара сапарлары тәртібін реттеу ниетін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Дипломатиялық паспорттардың иелері - бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, кете алады, сондай-ақ транзитпен өте алады. Бұл ретте олардың болу мерзімі келген сәтінен бастан отыз күнге тең болады, бірақ бір күнтізбелік жылдың ішінде тоқсан күннен аспауы тиіс.

2-бап

Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері, сол сияқты дипломатиялық паспорттардың иелері - олардың отбасы мүшелері, екінші Тарап мемлекетінің аумағына, аккредиттеудің бүкіл мерзімі ішінде визасыз келуге құқылы.

3-бап

Дипломатиялық паспорттардың иелері - Тараптар мемлекеттері азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағына келуі, кетуі және транзитпен өтуі халықаралық қатынастар үшін ашық екі мемлекеттің ресми өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

4-бап

1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында немесе 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді екінші Тарап мемлекетінде иемденбейтін дипломатиялық паспорттардың иелері - Тараптардың бірінің мемлекеті азаматтары осы екінші Тарап мемлекетінің аумағында өздерінің болуы кезінде оның ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

Осы Келісім әрбір Тараптың дипломатиялық паспорт иесі болып табылатын, келуін "қажетсіз" деп санайтын екінші Тараптың кез келген азаматының өз мемлекетінің аумағына келуінен бас тарту немесе оның болу мерзімін қысқарту құқығын жоққа шығармайды.

5-бап

Тараптар дипломатиялық арналар арқылы дипломатиялық паспорттардың үлгілерімен алмасады.

Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық паспорттарға өзгерістер енгізген жағдайда, оларды қолданысқа енгізгенге дейін кемінде алпыс күн бұрын екінші Тарапқа осы туралы хабарлауға міндетті.

6-бап

Тараптардың бірінің мемлекеті дипломатиялық паспорттарының иелері - азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында паспорттарын жоғалтқан немесе

бүлдірген жағдайда, осы туралы келген мемлекеттің құзыретті органдарына хабарлауы тиіс, олар бұл адамдарға дипломатиялық паспорттың жоғалғаны немесе бүлінгені тіркелгендігін растайтын құжат береді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады. Әрбір Тарап осындай келіссөздерге және консультацияларға қатысуға байланысты шығыстарды дербес көтереді.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап екі ай өткенге дейін күшінде қалады.

2006 жылғы 7 қарашада Астана қаласында әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Қасым-Жомарт Тоқаев
Сыртқы істер министрі

ЕГИПЕТ АРАБ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ ҮШІН
Ахмед Абуль Гейт
Сыртқы істер министрі